Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6844. eISSN: 2663-1318

ҚҰҚЫҚ СЕРИЯСЫ/ LAW SERIES/ СЕРИЯ ПРАВО

Әкімшілік құқық. Әкімшілік процесс / Administrative Law. Administrative procedure/ Административное право. Административный процесс

Ғылыми мақала
ХҒТАР 10.27.61
https://doi.org/10.32523/2616-6844-2026-156-3-62-76

Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасының дуализмі: заңды және жеке тұлғалар төлем қабілетсіздігін құқықтық реттеудің шектелуі

Ж.М. Тажибаева[1], И.С. Сактаганова*[2], В.Б. Тапакова[3]

[1,2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
[3]Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті, Орал, Қазақстан
(e-mail: [1]nasir04@mail.ru, [2]saktaganova@enu.kz, [3]tapakova_vilora83@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы банкроттық туралы заңнаманың дуализмі қарастырылады. Қазіргі уақытта дәрменсіздік институтын реттейтін екі дербес нормативтік құқықтық акт қатар қолданылады, алайда олардың бірыңғай ұғымдық аппараты жоқ әрі құқықтық реттеу тетіктері өзара толық үйлеспейді. Бірінші заң заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банкроттығын реттесе, екіншісі 2022 жылы азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелерін реттеу үшін қабылданды. Мұндай құқықтық бөліну бірыңғай қағидаттардың болмауына, рәсімдердің әртүрлілігіне, жекелеген құқықтық нормаларды қолданудағы қайшылықтарға және құқық қолдану тәжірибесінде қиындықтардың туындауына алып келеді.

Зерттеудің мақсаты – банкроттық туралы заңнаманың дуалистік моделінің құқықтық салдарын анықтау, оның тиімділігін бағалау және шетелдік тәжірибені ескере отырып, ұлттық заңнаманы жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындау. Зерттеу барысында салыстырмалы-құқықтық, формальды-заңдық, жүйелік және тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ АҚШ, Германия, Еуропалық Одақ және Ресей Федерациясының дәрменсіздік институтын реттейтін құқықтық тәжірибесіне салыстырмалы талдау жүргізілді.

Шетелдік модельдерді зерттеу екі оқшауланған заңның қатар қолданылуы халықаралық тәжірибеде кең таралған тәсіл еместігін көрсетті. Керісінше, мұндай құқықтық модель елеулі құқықтық олқылықтарды туындатып, құқықтық айқындық деңгейін төмендетеді және екі құқықтық режимнің тоғысқан тұсында тұрған жеке кәсіпкердің құқықтық жағдайын әлсіретеді. Зерттеу нәтижелері негізінде банкроттық институтын реттейтін бірыңғай әрі үйлестірілген құқықтық жүйені қалыптастыру қажеттілігі негізделеді.

Түсті: 28.06.2026 Мақұлданды: 27.09.2026 Онлайн қолжетімді: 30.09.2026

***хат-хабар үшін автор**

Негізгі реформалық бағыт ретінде борышкерлердің барлық санаттарын қамтитын бірыңғай кодификацияланған банкроттық туралы заң қабылдау ұсынылады. Сонымен қатар толық кодификация жүргізілгенге дейін қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы құқықтық қайшылықтарды азайтып, құқықтық реттеудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін аралық шаралар ұсынылады.

Түйін сөздер: банкроттық, төлем қабілетсіздігі, заңнаманың дуализмі, оңалту, кодификация.

Ж.М. Тажибаева[1], И.С. Сактаганова*[2], В.Б. Тапакова[3]

[1,2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

[3]Казахстанский университет инновационных и телекоммуникационных систем, Уральск, Казахстан

(e-mail: [1]nasir04@mail.ru, [2]saktaganova@enu.kz, [3]tapakova_vilora83@mail.ru)

Дуализм законодательства о банкротстве Республики Казахстан: ограниченность правового регулирования неплатежеспособности юридических и физических лиц

Аннотация. В статье рассматривается дуализм казахстанского законодательства о банкротстве, при котором параллельно действуют два самостоятельных нормативных правовых акта, не объединённые единым понятийным аппаратом и не обеспечивающие комплексного регулирования отношений в сфере несостоятельности. Один из них регулирует вопросы банкротства юридических лиц и индивидуальных предпринимателей, тогда как второй, принятый в 2022 году, устанавливает правовые основы восстановления платежеспособности и банкротства граждан. Такое нормативное разграничение порождает ряд теоретических и практических проблем, связанных с отсутствием единых принципов правового регулирования, различием процедур, неоднозначностью применения отдельных норм и сложностями правоприменительной практики.

Целью исследования является выявление правовых последствий существования дуалистической модели законодательства о банкротстве, оценка её эффективности, а также определение возможных направлений совершенствования национального законодательства с учётом зарубежного опыта. В ходе исследования использованы сравнительно-правовой, формально-юридический, системный и сравнительно-исторический методы научного познания. Проведён анализ действующего законодательства Республики Казахстан, а также законодательства США, Германии, Европейского союза и Российской Федерации, регулирующего процедуры несостоятельности.

Сравнение зарубежных моделей показывает, что существование двух изолированных законодательных актов не является общепринятой международной практикой. Напротив, подобное разделение создаёт измеримые правовые пробелы, снижает уровень правовой определённости и ставит индивидуального предпринимателя, находящегося на пересечении двух законодательных режимов, в наиболее уязвимое положение. По результатам исследования обосновывается необходимость формирования единой,

согласованной системы правового регулирования института банкротства. В качестве ключевого направления реформирования предлагается разработка и принятие единого кодифицированного закона о банкротстве, охватывающего все категории должников. Одновременно сформулированы промежуточные меры, которые могут быть реализованы посредством внесения изменений и дополнений в действующее законодательство до проведения полной кодификации, что позволит устранить наиболее существенные коллизии и повысить эффективность правового регулирования института несостоятельности в Республике Казахстан.

Ключевые слова: банкротство, неплатёжеспособность, дуализм законодательства, реабилитация, кодификация.

Zh.M. Tazhibaeva[1], I.S. Saktaganova*[2], V.B. Tapakova[3]
[1,2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[3]Kazakhstan University of Innovative and Telecommunication Systems, Uralsk, Kazakhstan
(e-mail: [1]nasir04@mail.ru, [2]saktaganova@enu.kz, [3]tapakova_vilora83@mail.ru)

Dualism of bankruptcy legislation of THE Republic of Kazakhstan: the limits of legal regulation of insolvency of legal entities and individuals

Abstract. This article examines the dualism of Kazakhstan's bankruptcy legislation. Two separate acts regulate insolvency without a unified conceptual framework: the 2014 law governs legal entities and individual entrepreneurs, while the 2022 law regulates the restoration of solvency and bankruptcy of individuals. This division creates theoretical and practical challenges, including divergent principles and procedures, inconsistent application of legal provisions, and difficulties in judicial and administrative practice.

The study identifies the legal consequences of this dualistic model, assesses its effectiveness, and considers reforms informed by international experience. It uses comparative legal, formal legal, systemic, and historical comparative methods to examine Kazakhstan's legislation alongside insolvency regulation in the United States, Germany, the European Union, and Russia.

The comparison shows that separate laws for different categories of debtors are not a widely adopted approach. Legislative fragmentation creates legal gaps, reduces certainty, and leaves individual entrepreneurs particularly vulnerable where the two regimes intersect. The findings support a coherent legal framework for insolvency. The article proposes a single codified bankruptcy law covering all categories of debtors. Before comprehensive codification, targeted amendments to existing laws could align key concepts and procedures, address the most significant inconsistencies, and improve the effectiveness of bankruptcy regulation in Kazakhstan. Such amendments would provide a practical transition toward unified regulation while preserving the specific procedures required for different debtor categories and improving consistency across courts and agencies.

Keywords: bankruptcy, insolvency, legislative dualism, rehabilitation, codification.

Кіріспе

Қазақстанда төлем қабілетсіздігін реттеу екі негізгі заңға сүйенеді: 2014 жылғы «Оңалту және банкроттық туралы» заң және 2022 жылғы «Қазақстан Республикасы

азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң. Олардың субъектілік құрамы мен рәсімдері әртүрлі болғандықтан, арақатынасын жүйелі бағалау қажет [1].

Бірінші акт негізінен заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің оңалтуы және банкроттығы мәселелерін, екіншісі азаматтардың соттан тыс және сот банкроттығын, сондай-ақ төлем қабілеттілігін қалпына келтіруді реттейді. Осы бөлініс ортақ ұғымдарды, аралас міндеттемелері бар борышкерлердің мәртебесін және рәсімдер туралы ақпараттың өзара сәйкестігін зерттеуге негіз болады.

Азаматтардың банкроттығы туралы заң 2022 жылғы 30 желтоқсанда қабылданып, 2023 жылғы 3 наурыздан бастап қолданыла бастады. Оны қабылдау жеке тұлғалардың берешегін реттеуге дербес құқықтық тетік қалыптастырды. Алайда кейінгі талдауда екі заңның бөлек болуының өздігінен құқықтық қайшылықты дәлелдемейтінін ескеру қажет: қайшылық тек нақты нормалардың қолданылуы немесе құқықтық салдары үйлеспегенде анықталады.

Мемлекеттік кірістер комитетінің 2025 жылғы 2 маусымдағы хабарламасы бойынша 2024 жылы азаматтардың банкроттық рәсімдеріне 83 057 өтініш берілген [2]. Бұл сан бір күнтізбелік жылдағы өтініштердің көлемін көрсетеді.

Қазақстанда 2023 жылғы 3 наурыздан бастап азаматтардың борыштық жүктемесін реттеуге бағытталған «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң қолданылады. Заң соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерін көздейді. Оны қолдану тәжірибесі аталған тетіктерге сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді: мемлекеттік кірістер органдары арқылы 28,4 мың азамат, сот шешімімен 196 азамат банкрот деп танылып, олардың міндеттемелерінің жалпы сомасы 147,1 млрд теңгені құрады. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін 9,5 млрд теңге міндеттемелер бойынша 103 азамат қолданған, оның ішінде сегіз жағдайда қалпына келтіру жоспары бекітілген. Өтініштер санының 2024 жылы 83 057-ге, ал 2025 жылдың алғашқы бес айында 77 106-ға жетуі институттың практикалық маңызының өскенін аңғартады. 2024 жылғы 20 тамыздан бастап күшіне енген түзетулер рәсімдерді одан әрі жеңілдетіп, тұрақты табысы бар борышкерлер үшін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігін кеңейтті, соттан тыс банкроттық қолданылатын міндеттемелер аясын ұлғайтты және өтініш беру тәртібін оңайлатты. Сонымен қатар заңнаманы жетілдіру шеңберінде борышты алдын ала реттеу талабын алып тастау, соттан тыс рәсімді борышкердің бастамасымен тоқтату және рәсім аяқталғаннан кейін қаржы ұйымдары алдындағы міндеттемелерді неғұрлым толық тоқтату мәселелері қарастырылуда. Бұл өзгерістер Қазақстандағы жеке тұлғалардың банкроттығы институтының жазалау сипатындағы тетік емес, азаматтың қаржылық жағдайын тұрақтандыруға және шамадан тыс борыштық жүктемеден шығуына мүмкіндік беретін құқықтық құрал ретінде біртіндеп қалыптасып келе жатқанын көрсетеді [3].

Дж. Килборнның Қазақстан мен Өзбекстандағы жеке тұлғалардың дәрменсіздігі туралы салыстырмалы зерттеуі рәсімдерге қолжетімділік пен құқықтық модельдің ерекшеліктерін талқылауға мүмкіндік береді [4]. Аталған зерттеу ұлттық заңнаманы бағалауда салыстырмалы контекст береді, бірақ нақты қазақстандық құқықтық олқылықтар қолданыстағы нормаларды дербес талдау арқылы анықталуы тиіс.

Зерттеудің мақсаты – екі заңның субъектілік және рәсімдік шекараларын анықтап, оларды үйлестірудің құқықтық жолдарын ұсыну. Алдымен қолданыстағы реттеу

қарастырылады, одан кейін шетелдік модельдердің қолданылу шарттары салыстырылады және кодификацияның жалпы және арнайы бөлімдерінің мазмұны ұсынылады.

Зерттеу тарихы және мақсаттары. Қазақстандық екі заңның шығу тегі мен құрылымы

Жоюдан сақтап қалуға дейінгі жол

Қазақстан Республикасындағы банкроттық институтының алғашқы заңнамалық негіздері 1992 жылғы «Банкроттық туралы» Заңмен қаланды, оның тұжырымдамасы негізінен әкімшілік-командалық экономикадан нарықтық қатынастарға өтпелі кезеңнің ерекшеліктерін көрсетті. Заңнамалық модель негізінен төлем қабілетсіз кәсіпорындарды анықтауға және оларды жоюға бағытталған, ал қаржылық оңалту, қарызды қайта құрылымдау және борышкердің шаруашылық қызметін қалпына келтіру тетіктері іс жүзінде болмаған. Мұндай тәсіл бастапқы кезеңде дәрменсіздікті реттеудің қалыптасқан ұлттық ғылыми тұжырымдамасының да, оңалту рәсімдерін қолданудың практикалық тәжірибесінің де нарықтық қайта құрулардың болмауына байланысты болды.

Құқықтық реттеудің елеулі трансформациясы «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V заңының қабылдануымен орын алды, оған заңнамалық деңгейде оңалту рәсімдерін қолдану арқылы негізінен тарату моделінен экономикалық тұрғыдан тиімді кәсіпкерлік субъектілерін сақтау моделіне көшу бекітілді. Бір мезгілде уәкілетті органның функциялары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне жүктелді. Болашақта заңнама бірнеше рет жетілдірілді, оның ішінде 2022 жылдың шілдесінде енгізілген ауқымды өзгерістер нәтижесінде. Қазіргі уақытта бұл заң заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банкроттық мәселелерін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт болып қала береді.

Жеке тұлғалардың дербес банкроттық институты кейінірек пайда болды. Тұтынушылық дәрменсіздікті заңнамалық реттеу қажеттілігін талқылау 2014 жылы басталғанына қарамастан, тиісті заңды қабылдау жеке тұлғалардың кірістерін жалпыға бірдей декларациялау жүйесін енгізуді қоса алғанда, қажетті ұйымдық-құқықтық алғышарттардың болмауына байланысты бірнеше рет кейінге қалдырылды. Заңнамалық процестің едәуір жеделдеуі 2022 жылғы қаңтардағы оқиғалардан кейін, тиісті заң жобасын әзірлеу мемлекеттік саясаттың басым міндеттерінің бірі ретінде анықталған кезде болды. Нәтижесінде «Азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 30 желтоқсанда қабылданып, 2023 жылғы 3 наурызда күшіне енді [1].

Сонымен қатар, қазақстандық модельдің қағидаттық ерекшелігі жеке тұлғалардың банкроттығын реттеуді заңды тұлғалардың банкроттығы туралы заңнамадан институционалдық оқшаулау болды. Ресей Федерациясынан айырмашылығы, азаматтардың банкроттығын реттеу арнайы тарауды қосу арқылы қолданыстағы № 127-ФЗ Федералды Заңына біріктірілген, Қазақстан Республикасының заң шығарушысы тәуелсіз нормативтік құқықтық актіні қабылдауды көздейтін басқа тәсілді таңдады. Нәтижесінде дәрменсіздікті құқықтық реттеудің екі салыстырмалы автономды жүйесі құрылды. Дәл осындай заңнамалық құрылым көбінесе құқықтық реттеудің аражігін ажыратумен, қолданылатын рәсімдердегі айырмашылықтармен және ұлттық заңнамада банкроттық институтын дамытудың бірыңғай тұжырымдамасының болмауымен байланысты проблемалардың туындауына себеп болған сияқты [5].

Қос режим және олардың субъектілері

2014 жылғы заң заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге қолданылатын оңалту, банкроттық және өзге де заңда көзделген тетіктерді белгілейді. Әр рәсімнің басталу шарттары, қатысушылары және нәтижелері заң мәтіні бойынша жеке анықталуға тиіс; оларды шартты түрде бірдей құқықтық салдары бар төрт рәсім деп сипаттау дұрыс емес [4].

2022 жылғы заң азаматтарға соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерін ұсынады. Соттан тыс рәсім үшін берешек мөлшерімен қатар кредитордың түрі, мүлікке және төлем мерзіміне қатысты талаптар қолданылады; нақты өлшемшарттар заңның қолданыстағы редакциясы бойынша тексеріледі. Сот банкроттығы мен төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің құқықтық салдары бірдей емес [1].

Дара кәсіпкердің бір мезгілде кәсіпкерлік және жеке міндеттемелері болуы мүмкін. Бұл жағдайда тиісті заңдардың субъектілік шегін, міндеттемелердің бір мүліктік массаға қатысын және кредиторлар құқықтарының қорғалуын талдау қажет. Дара кәсіпкердің барлық жеке борышы міндетті түрде құқықтық реттеуден тыс қалады деген қорытындыны тек оның мәртебесіне сүйеніп жасауға болмайды; мәселе нақты рәсімдердің арақатынасында жатыр.

Әдіснама

Төлем қабілетсіздігін реттеудің шетелдік модельдері

АҚШ моделі және оның қолданылу шарттары

АҚШ-тың 11-тақырыптағы Bankruptcy Code актісі борышкерлердің түрлі санаттарына арналған тарауларды бір құқықтық негізде біріктіреді. Ортақ заңнамалық негіз арнайы рәсімдердің айырмашылығын жоймайды: талап қою, мүлікті басқару және борыштан босату әр тарауда әрқалай белгіленеді 7-тарауда тарату, 11-тарауда қайта ұйымдастыру, 13-тарауда тұрақты табысы бар жеке тұлғаның өтеу жоспары көзделген. 13-тарау заңды тұлғаларға қолданылмайды. Шағын кәсіпкерлікке арналған 11-тараудың V-кіші тарауы бір акт ішінде арнайы рәсім құрудың үлгісі бола алады [6].

АҚШ-тағы рәсімдердің саны мен үлесін Қазақстанға тікелей көшіруге болмайды: екі елдегі борыш нарығы, сот құзыреті, кепілдік құқық және рәсімнің шығындары әртүрлі. АҚШ-тағы automatic stay нормасының қолданылу уақыты мен ерекшеліктерін де тиісті соттық бақылау және кредитордың қарсылық білдіру құқығымен бірге талдау керек.

Салыстыру үшін маңызды қорытынды – арнайы субъектілерге арналған тарауды ортақ терминдер және процесс ережелері бар бір актіге енгізу мүмкіндігі. Оның Қазақстандағы іске асуы уәкілетті органдардың өкілеттіктерін, сот құзыретін және ақпараттық жүйелерді ұлттық деңгейде қайта үйлестіруге тәуелді.

Американдық модельді толық енгізу банкроттық істеріне маманданған федералдық соттардың институционалдық құрылымын және кәсіби басқарушылар нарығын қайталауды талап етер еді. Қазақстанда мұндай өзгерістің құнын, істердің нақты құрылымын және қолданыстағы сот жүйесінің құзыретін алдын ала бағалау қажет; бір актінің болуы рәсімнің қолжетімділігін өздігінен қамтамасыз етпейді.

Германия моделі және институционалдық шектеулер

Германияның Insolvenzordnung (InsO) кодексі 1999 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады. Оның 11-параграфы жеке және заңды тұлғаның мүлкіне қатысты рәсім

ашуға мүмкіндік береді, ал тұтынушыларға қатысты арнайы ережелер 304-параграфтан басталады.

Германия тәжірибесінен ортақ терминдер, мүліктік масса және кредиторлар талаптарын қараудың бірыңғай тәртібі туралы идеяны алуға болады. Сонымен бірге борышкердің санатына байланысты рәсімдік айырмашылықтар сақталады; заңнаманың бірлігі әрбір қатысушы үшін салдардың толық бірдейлігін білдірмейді [7].

StaRUG кәсіпорынды сотқа дейін қайта құрылымдауға арналған жеке акт екенін ескеру маңызды. Сондықтан Германия тәжірибесі барлық дәрменсіздік құралдары міндетті түрде бір ғана құжатта жинақталуы тиіс деген тезисті растамайды. Ұлттық реформаның міндеті – әртүрлі актілердің үйлесімділігін қамтамасыз ету.

Германиядағы маманданған Insolvenzgerichte соттарының тәжірибесі Қазақстанға бірден көшірілмейді: соттардың аумақтық құрылымы, іс жүктемесі және әкімшілерді тағайындау жүйесі өзгеше. Ұсынылатын балама – қолданыстағы соттардың ішінде мамандандырудың қажеттілігі мен шығынын деректер негізінде бағалау.

Еуропалық Одақтың үйлестіру тәсілі

(ЕО) 2019/1023 директивасы алдын ала қайта құрылымдау және кәсіпкерлерді борыштан босату үшін ең төменгі ортақ талаптарды белгілейді. Ол ЕО мемлекеттеріндегі барлық банкроттық актілерді бір кодекске біріктіруді міндеттемейді.

Директива кәсіпкерлерді борыштан босату мерзімінің шегі туралы ережелерді белгілейді. Оларды Қазақстанның азаматтары мен кәсіпкерлеріне бірдей қолданылатын әмбебап мерзім ретінде түсіндіру дұрыс емес: норманың субъектісі, ерекшеліктері және іске асыру шарттары ескерілуге тиіс [8].

Қазақстан ЕО мүшесі болмағандықтан, директива оған құқықтық міндет жүктемейді. Оның тәсілі заңнаманы үйлестіруді бағалаудың салыстырмалы өлшемі ретінде ғана пайдаланылады: рәсімге қолжетімділік, адал борышкерге мүмкіндік және кредитордың әділ қорғалуы.

Ресей моделі және оны бейімдеу шектері

Ресейдің № 127-ФЗ федералдық заңында заңды тұлғалар мен азаматтарға арналған нормалар бір актіде орналасқан. Азаматтардың банкроттығы 2015 жылдан бастап арнайы тарауда реттеледі. Бұл тәжірибе Қазақстан үшін заңнамалық құрылымның ықтимал нұсқасын көрсетеді, бірақ екі мемлекеттің рәсімдерін бірдей деп бағалауға негіз бермейді [5].

Ресей заңындағы азаматтар мен дара кәсіпкерлерге қатысты арнайы ережелерді салыстырғанда талаптарды шоғырландыру, мүлікті есепке алу және кәсіпкерлік мәртебенің рәсімге әсері бөлек талданады. Қазақстандағы өзгерістер азаматтық құқық, атқарушылық іс жүргізу және кредиторлар талаптарының кезектілігімен үйлесуге тиіс.

Ресей мен Қазақстандағы банкроттықтардың саны немесе борыштан босату үлесі рәсімдердің тиімділігін тікелей салыстыруға жарамайды: есепке алу кезеңі, қамтылған рәсімдер, борышкерлер құрамы және бастапқы құқықтық өлшемдер бірдей болуы керек. Осы талаптарды қанағаттандырмайтын сандық салыстырулар зерттеуден алынды.

Ресей моделін тікелей енгізуді соттардың құзыреті, қаржы басқарушылары институты, деректер жүйелері және әлеуметтік міндеттемелердің құқықтық режимі шектейді. Қазақстан үшін орынды бағыт – институттарды іріктеп бейімдеу және ықтимал нәтижені ұлттық деректермен тексеру.

ISSN: 2616-6844. eISSN: 2663-1318

Нәтижелер мен талқылау

Дуализм туғызған нақты коллизиялар мен жүйелік ақаулар

Бір заңдағы бір ұғым, екіншісінде басқа ұғым

Екі заңда бір термин қолданылғанның өзінде оның құқықтық функциясы рәсімге қарай өзгеруі мүмкін. Сондықтан терминдердің сәйкестігі сөзбе-сөз ұқсастықпен емес, анықтамасы, қолданылу алғышарты және құқықтық салдары бойынша салыстырылады.

«Төлем қабілетсіздігі» ұғымының екі актідегі мазмұнын заңдардың тиісті анықтамалары және рәсімді қозғау туралы баптар негізінде жеке салыстыру қажет. Бір ғана бапқа сілтеме жасап, 2014 жылғы заңда ол тек сот талдауынан кейін пайда болатын мәртебе, ал 2022 жылғы заңда әрқашан дербес негіз деген кесімді қорытынды жасауға жеткілікті дәлел жоқ. Осы себепті зерттеу нақты құқықтық салдарды саралауға сүйенеді [9].

Заңды тұлғаны оңалту мен азаматтың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдері мақсат жағынан ұқсас болғанымен, олардың субъектілері, жоспарды бекітуі және басқарушының мәртебесі әртүрлі. Кодификация жағдайында осы айырмашылықтар арнайы бөлімдерде сақталып, жоспардың айқындылығы мен кредиторларды хабардар ету туралы жалпы кепілдіктер ортақ бөлімде белгіленуі мүмкін.

Берешек шектері мен рәсімді қозғау талаптарын бір мезгілдегі қолданыстағы редакциялар бойынша ғана салыстыру қажет. Әртүрлі субъектілерге арналған АЕК көрсеткіштерін механикалық салыстыру құқықтық олқылықты дәлелдемейді: қарыз түрі, мерзімі, кредитор санаты және мүлік жағдайы да мәнді [10].

Дара кәсіпкердің аралас міндеттемелері

Дара кәсіпкер жеке тұлға ретінде азаматтық айналымға қатысады, бірақ оның банкроттық рәсімінің құқықтық негізі кәсіпкерлік мәртебесіне тәуелді. Аралас берешек туындағанда бір азаматтың барлық кредиторларының талаптары қалай ескерілетіні, қай рәсім қолданылатыны және бір міндеттеменің қайталанып қаралмауы нақтылануы керек.

Мысалы, дара кәсіпкерде кәсіпкерлік мақсаттағы қарызбен қатар тұтынушылық несие болуы мүмкін. Бұл гипотетикалық жағдай нақты банк ісіне сілтеме жасамайды. Оны талдау үшін қарыз шарттары, жеке кепілдіктер, мүліктің меншік режимі және кәсіпкерлік тіркеудің мәртебесі анықталуға тиіс.

Ұсынылатын реттеу дара кәсіпкердің аралас міндеттемелері бойынша талаптарды бір рәсім шеңберінде көрсету мүмкіндігін қарастыруы тиіс. Мұндай біріктіру кредиторлардың басымдығын автоматты түрде өзгертпеуі, кепіл ұстаушылардың құқықтарын сақтауы және азаматқа арналған заңдағы шектеулерді айналып өтуге жол бермеуі кереки [11].

Ресейдегі азамат пен дара кәсіпкердің банкроттығын бір заңда қарау тәжірибесі осы мәселе үшін салыстырмалы материал береді. Қазақстанда тиісті норманы енгізу бір абзацпен шектелмейді: өтпелі ережелерді, құзыретті органды, кредиторларды хабардар ету тәртібін және аяқталған рәсімдердің құқықтық салдарын келісу қажет.

Бір-бірін танымайтын тізілімдер

Қолданыстағы ақпараттық ресурстардың өзара іс-қимылын эмпирикалық тексеру қажет. Ашық жарияланымдар екі тізілімнің мүлдем дерек алмастырмайтынын толық дәлелдемейді. Сондықтан зерттеу нақты интеграцияның жоқтығын анықталған факт

деп емес, тексеруді қажет ететін институционалдық мәселе деп бағалайды. Мемлекеттік кірістер комитеті азаматтардың рәсімдері бойынша «Qoldau» ақпараттық жүйесін қолданатынын хабарлайды [9].

Бірыңғай мәлімет алу мүмкіндігі кредиторларға маңызды болуы мүмкін. Алайда жеке деректерді қорғау, қолжетімділік деңгейі және қате жазбаларды түзету тетігі реттелмейінше ашық әмбебап тізілім ұсыну ерте. Модельде жария және қызметтік деректер бөлек айқындалуы тиіс.

Мораторий мен басқарушы сыйақысындағы алшақтық

Екі заңдағы өндіріп алуды шектеу ережелері рәсімнің басталу сәтіне, оны қолдану туралы шешімге және кредитор түріне қарай сараланады. Олардың арақатынасын анықтау үшін бастапқы өтініш пен рәсімнің ресми қолданылуы арасындағы кезеңді бөлек бағалау қажет.

Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми түсіндірмесіне сәйкес заңда көзделген рәсімдер қолданылған күннен бастап өсімпұл мен сыйақыны есептеуге және кредиторлардың борышты өндіріп алуына қатысты шектеулер туындайды. Демек соттан тыс банкроттықта мораторий мүлдем жоқ деген тұжырым негізсіз. Реформа үшін шешілуге тиіс мәселе – өтініш берілген күн мен рәсім қолданылған күн арасындағы құқықтық режимді нақтылау, жалған өтініштердің алдын алу және кредиторға шағымдану мүмкіндігін сақтау [12].

Қаржы басқарушысының сыйақысы рәсімге қолжетімділікке әсер етеді. Мемлекеттік кірістер комитеті 2024 жылы азаматтың сот банкроттығында айлық төлемнің бір ең төменгі жалақы мөлшерінде болғанын түсіндіреді. Бұл мәнді барлық жылдарға немесе кәсіпорындардың оңалтуына автоматты түрде таратуға болмайды; салыстыру үшін бір жылдағы заңдық негіз бен төлеу көзі бірдей көрсетілуі керек.

Реттеу модельдерінің салыстырмалы кестесі

Жоғарыда талданған төрт елдің төлем қабілетсіздігін құқықтық реттеу жүйелерінің негізгі ерекшеліктері 1-кестеде сегіз өлшем бойынша салыстырылды.

1-кесте. «Төрт елдегі төлем қабілетсіздігін құқықтық реттеудің негізгі ерекшеліктері».

Өлшем	АҚШ	Германия	Ресей	Қазақстан
Нормативтік негіз	Бірыңғай Bankruptcy Code (11 U.S.C., 1978)	Бірыңғай InsO, 1999 ж.	Бірыңғай № 127-ФЗ + X тарау (2015 ж.)	Екі бөлек заң, 2014 және 2022 жж.
Субъектілер	Жеке және заңды тұлғалар, бір актіде	Жеке және заңды тұлғалар, бір актіде	Жеке және заңды тұлғалар, бір актіде	Субъектілер бойынша бөлек заңдар
Жеке кәсіпкер мәртебесі	Ch.7 не Ch.11 бойынша жеке тұлға ретінде	InsO реттейді, бөлінбейді	ЖК және азаматтарға бір заң (213.1-бап)	ЖК 2014 Заңы, азаматтар 2022 Заңы
Оңалту рәсімі	Ch.11 қайта ұйымдастыру, Ch.13 өтеу жоспары	Insolvenzplan, ең ұзағы 3 жыл	IX тарау, борышты қайта құрылымдау	Рәсімге және оны қолдану сәтіне қарай сараланады

Мораторий	Өтінімнен бастап automatic stay	StaRUG § 49: сот атқаруды уақытша тоқтата алады.	Өтінім қабылданған күннен	Тек сот банкроттығында, сотсызда жоқ
Сотсыз тәртіп	Жоқ	StaRUG сотсыз банкроттық емес; сот қатысуы мүмкін.	Жоқ	Рәсім түрі мен заңдағы ерекшеліктерге қарай анықталады
Борыштан босату	Ch.7: 3-6 ай, Ch.13: 3-5 жыл	3 жыл (2021 ж. реформасынан кейін)	6 айдан 3 жылға дейін	Банкроттық аяқталған соң заңдағы ерекшеліктерді ескере отырып, міндеттемелерден босату.
Терминология бірлігі	Толық	Толық	Толық	Жоқ, екі заңда екі аппарат

Кесте әр елдің ортақ акт пен арнайы рәсімдерді қалай ұштастыратынын жинақтайды. Бұл жіктеу әр құқықтық жүйеде бірдей мораторий не бірдей борыштан босату тәртібі бар дегенді білдірмейді. Кестедегі мерзімдер мен рәсімдердің қолданылу аясы қолданыстағы мәтіндер бойынша тексерілуі тиіс.

Реформа перспективалары

Бірыңғай кодекс стратегиялық шешім ретінде

Салыстыру ортақ анықтамалар мен кепілдіктерді бір жүйеге келтіру мүмкіндігін көрсетеді. Дегенмен бір кодекстің қабылдануы өздігінен рәсімдердің тиімділігін дәлелдемейді; оның нәтижесі соттардың жұмысына, әкімшілік рәсімдерге және ақпараттық жүйелердің үйлесіміне тәуелді.

Ұсынылатын Бірыңғай дәрменсіздік кодексі кезең-кезеңімен әзірленуі тиіс: уәкілетті орган екі қолданыстағы заңның нормаларын сәйкестендіру кестесін жасап, соттар, кредиторлар және борышкерлер өкілдерімен талқылайды; содан кейін ықпалын бағалап, кодекс жобасы мен оған ілеспе өзгерістер пакетін дайындайды. Ілеспе пакет азаматтық, кәсіпкерлік, атқарушылық және сот ісін жүргізу нормаларының байланысын реттеуі керек.

Жалпы бөлімде қолданылу аясы мен ерекшеліктері, «борышкер», «төлем қабілетсіздігі», «кредитор», «мүліктік масса» ұғымдары, адалдық және жариялылық қағидаттары, сот пен уәкілетті органның құзыреті, рәсімге кіру мен хабарлау тәртібі, талаптарды тіркеу және даулаудың кепілдіктері, мүлікті сақтау, өндіріп алуды шектеу, кредиторлардың кезектілігі және рәсімді аяқтау салдары жүйеленеді. Бір заңдағы арнайы ерекшелік жалпы қағидадан қай кезде басым болатыны тікелей жазылады.

Бірінші арнайы бөлім 2014 жылғы заңнан заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің оңалтуын, басқарушыны тағайындауды, жоспарды бекітуді, мүлікті сатуды және тарату рәсімін алады. Екінші арнайы бөлім 2022 жылғы заңнан азаматтардың соттан тыс және сот банкроттығын, төлем қабілеттілігін қалпына келтіруді, әлеуметтік кепілдіктерді және борыштан босатылмайтын міндеттемелерді алады. Дара кәсіпкердің кәсіпкерлік

және жеке міндеттемелері туралы шекаралық тарау екі арнайы бөлімді байланыстырып, қай рәсімнің басым екенін, ортақ кредиторлар тізімін және қайта рәсім ашуға шектеуді анықтайды [13].

Өтпелі ережелер кодекс күшіне енгенге дейін басталған рәсімдердің қолданыстағы заң бойынша аяқталуын, аяқталмаған өтініштердің берілу тәртібін, тізілім деректерінің көшірілуін және басқарушылардың өкілеттіктерінің сақталуын реттеуге тиіс. Кодексті енгізудің нәтижесін өтініштердің қаралу мерзімі, негізделген бас тартулардың үлесі, кредиторлардың қанағаттандырылуы және рәсімнен кейінгі төлем қабілеті көрсеткіштерімен бағалау ұсынылады.

Кодификацияға дейінгі үйлестіру шаралары

Кодекс әзірленгенге дейін екі заңға келісілген түзетулер енгізуге болады. Әр түзету жобасы субъектілік шекті, басталу сәтін, құқықтық салдарды және тиісті ақпараттық жазбаны нақты көрсетуі тиіс.

Біріншіден, дара кәсіпкердің аралас міндеттемелері бар істері үшін бір рәсімге қатыстыру ережесі мен кредиторларды толық хабардар ету тетігі әзірленеді. Бұл ережеде жеке және кәсіпкерлік берешектің есепке алынуы, кепілдің сақталуы және мәртебе өзгергендегі өтпелі режим көрсетіледі.

Екіншіден, екі заңдағы негізгі анықтамалар салыстырылып, ұқсас институттардың ортақ және арнайы белгілері норма деңгейінде ажыратылады. Бұл жұмыс сот, мемлекеттік кірістер органдары, қаржы басқарушылары және кредиторлар өкілдерінің қатысуымен жүргізілуі тиіс.

Үшіншіден, рәсімдер туралы мәліметтерге қауіпсіз қолжетімділік жасалады: бастапқы кезеңде қолданыстағы ақпараттық жүйелердің сәйкестендіру кілттері мен деректер алмасу тәртібі тексеріледі, одан кейін ғана бірыңғай интерфейс туралы шешім қабылданады. Жеке деректер мен коммерциялық құпияға қолжетімділік шектері заңмен белгіленуі керек.

Төртіншіден, соттан тыс рәсім бойынша өтініш пен оны қолдану арасындағы уақытта өндіріп алуды уақытша шектеудің қажеттілігі деректер арқылы бағаланады. Егер қосымша қорғау енгізілсе, ол өтініштің қабылдану фактісіне, қысқа мерзімге, негізсіз өтінішті тоқтату және кредитордың қарсылық білдіру құқықтарына байланыстырылуға тиіс.

Соттарды мамандандыру

Банкроттық істерін қарайтын судьяларды мамандандыру мәселесі қолданыстағы сот құзыреті мен нақты іс жүктемесіне қарай бағаланады. АҚШ пен Германияның сот құрылымын тікелей қайталау Қазақстандағы сот жүйесі туралы заңнамамен және қаржыландыру мүмкіндігімен келісуді талап етеді.

2024 жылғы 83 057 өтініштің барлығын сот істері деп санауға болмайды: олардың елеулі бөлігі соттан тыс тәртіпке қатысты. Сондықтан сот алқаларын құру қажеттілігі сот банкроттығы мен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша істердің бөлек статистикасы және өңірлік жүктеме негізінде ғана шешілуі тиіс [14].

Қорытынды

Зерттеу Қазақстандағы екі заңның субъектілік шегі мен рәсімдік құрылымы әртүрлі екенін көрсетті. Бұл айырмашылықтың өзі заңнамалық ақаудың жеткілікті дәлелі емес; негізгі мәселе дара кәсіпкердің аралас міндеттемелерін, ортақ ұғымдардың құқықтық салдарын және рәсімдер арасындағы өтуді айқын көрсету қажеттілігінде.

АҚШ, Германия және Ресей тәжірибесі ортақ заңдық негіз ішінде арнайы рәсімдерді орналастыруға болатынын көрсетеді. Алайда шетелдік ережелерді ұлттық сот жүйесін, әкімшілік құзыретті, ақпараттық инфрақұрылымды және кредиторлар құқықтарын есепке алмай енгізуге болмайды. ЕО директивасы Қазақстан үшін салыстырмалы бағдар ғана болып табылады.

Ресми деректе 2024 жылғы өтініштер саны 83 057 деп көрсетілген; осы жылдың барлық өтініштерінің 75%-ына бас тартылды деген көрсеткіш расталмағандықтан зерттеу қорытындысына енгізілмеді. Рәсім қолданылғаннан кейінгі өндіріп алуға заңдық шектеулер бар; өтініш берілгеннен рәсім қолданылғанға дейінгі уақыт қосымша зерттеуді қажет етеді [15].

Бірыңғай кодекс ұсынысы жалпы бөлімдегі ортақ ұғымдар мен кепілдіктерді, заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер туралы арнайы бөлімді, азаматтар туралы арнайы бөлімді және аралас берешекке арналған байланыстырушы ережелерді қамтиды. Іске асыру үшін екі заңның салыстыру кестесі, ілеспе түзетулер пакеті, өтпелі нормалар және нәтижені бағалау индикаторлары қажет.

Кодификацияға дейін дара кәсіпкердің аралас міндеттемелері, негізгі ұғымдардың сәйкестігі және жүйелер арасындағы дерек алмасу туралы нысаналы түзетулер қарастырылуы мүмкін. Бұл ұсыныстар олардың бюджетке, соттарға және кредиторларға әсерін бағалағаннан кейін ғана іске асырылуы тиіс.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Зерттеу авторлардың өз қаражаты есебінен жүргізілді. Сыртқы қаржыландыру тартылған жоқ.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар осы зерттеуді жүргізуге және оның нәтижелерін жариялауға ықпал етуі мүмкін мүдделер қақтығысының болмағанын мәлімдейді.

Авторлардың үлесі:

Ж.М. Тажибаева – зерттеудің тұжырымдамалық негізін әзірледі, оның мақсаты мен міндеттерін, құрылымдық моделін айқындады, мақаланың негізгі мазмұнын дайындады, Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасындағы дуализм мәселелеріне талдау жүргізді және қолжазбаның қорытынды ғылыми редакциясын жүзеге асырды.

И.С. Сактаганова – зерттеудің әдіснамалық негізін қалыптастырды, нормативтік-құқықтық және ғылыми материалдарды жинау мен жүйелеуді ұйымдастырды, заңды және жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңнамаға талдау жүргізді, сондай-ақ хат-хабар алмасуға жауапты автор ретінде авторлар жұмысының үйлестірілуін қамтамасыз етті.

В.Б. Тапакова – банкроттық саласындағы шетелдік заңнамалар мен құқық қолдану тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізді, зерттеу нәтижелерін қорытындылауға, мақаланың жекелеген бөлімдерін дайындауға және қолжазбаның соңғы редакциясын жетілдіруге қатысты.

Барлық үш автор материалдарды жинауға және жүйелеуге, қолданыстағы заңнаманы талдауға, зерттеу нәтижелерін талқылауға және мақаланы жариялауға дайындауға қатысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы (2022) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 178-VII Заңы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000178 (Қаралған күні: 23.09.2026).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (2025) «Қазақстандағы жеке тұлғалардың банкроттығы: қорытындылары мен жаңалықтары», 30 мамыр 2025. Қолжетімді: https://www.gov.kz/memleket/entities/kgd/press/news/details/1008603 (Қаралған күні: 01.05.2026).

3. Kilborn, J.J. (2023) «(Not) Following the Leader in the Newest Personal Insolvency Laws in Uzbekistan and Kazakhstan», Journal of International and Comparative Law, 10, pp. 243–266. Қолжетімді: https://ssrn.com/abstract=4474439 (Қаралған күні: 01.06.2026).

4. Қазақстан Республикасы (2014) «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңы (2026.12.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176 (Қаралған күні: 23.09.2026).

5. Российская Федерация (2002) Федеральный закон от 26 октября 2002 года № 127-ФЗ «О несостоятельности (банкротстве)» (с изменениями). Официальный интернет-портал правовой информации. Қолжетімді: http://pravo.gov.ru/proxy/ips/?docbody=&nd=102078527 (Қаралған күні: 01.05.2026).

6. United States Congress (1978) Bankruptcy Code, Title 11 of the United States Code (as amended). Office of the Law Revision Counsel. Қолжетімді: https://uscode.house.gov/view.xhtml?path=/prelim@title11&edition=prelim (Қаралған күні: 01.05.2026).

7. Germany (1994) Insolvency Code (Insolvenzordnung, InsO), 5 October (as amended). Federal Ministry of Justice. Қолжетімді: https://www.gesetze-im-internet.de/englisch_inso/englisch_inso.html (Қаралған күні: 01.05.2026).

8. European Parliament and Council of the European Union (2019) Directive (EU) 2019/1023 of 20 June 2019. EUR-Lex. Қолжетімді: https://eur-lex.europa.eu/eli/dir/2019/1023/oj (Қаралған күні: 01.05.2026).

9. CABAR.asia (2024) «How Bankruptcy Law Works in Kazakhstan», 1 March. Қолжетімді: https://cabar.asia/en/how-bankruptcy-law-works-in-kazakhstan (Қаралған күні: 01.05.2026).

10. Congressional Research Service (2024) «Overview and Analysis of Bankruptcy Filings for the 12-Month Period Ending June 30, 2024», 28 October, IN12452. Қолжетімді: https://www.congress.gov/crs-product/IN12452 (Қаралған күні: 01.05.2025).

11. Closset, F., Großmann, C., Kaserer, C. and Urban, D. (2023) «Corporate restructuring and creditor power: Evidence from European insolvency law reforms», Journal of Banking & Finance, 149, article 106756. Қолжетімді: https://doi.org/10.1016/j.jbankfin.2022.106756 (Қаралған күні: 01.05.2026).

12. United States Courts (2024) «Table F-2: Bankruptcy Courts—Business and Nonbusiness Cases Filed, by Chapter of the Bankruptcy Code», 30 September. Қолжетімді: https://www.uscourts.gov/data-news/data-tables/2024/09/30/bankruptcy-filings/f-2 (Қаралған күні: 01.05.2026).

13. United States Congress (2019) Small Business Reorganization Act of 2019, H.R. 3311, 116th Congress. Қолжетімді: https://www.congress.gov/bill/116th-congress/house-bill/3311 (Қаралған күні: 01.05.2026).

14. Baker McKenzie (2022) «In Review: Insolvency Law, Policy and Procedure in Kazakhstan», Lexology. Қолжетімді: https://www.lexology.com/library/detail.aspx?g=3e94a0fd-1224-4734-9c1b-26e20c9a9eb4 (Қаралған күні: 01.05.2026).

15. Fagetan, A.M. (2025) «Corporate Insolvency Laws in Selected Jurisdictions: US, England, France, and Germany-A Comparative Perspective», Laws, 14(2), article 21. Қолжетімді: https://doi.org/10.3390/laws14020021 (Қаралған күні: 01.05.2026).

References

1. Qazaqstan Respublikasy (2022) «Qazaqstan Respublikasy azamattarynyn tolem qabilettiligin qalpyna keltiru zhane bankrottygy turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2022 zhylgy 30 zheltoqsandagy No. 178-VII Zany (2026.12.07. berilgen ozgerister men tolyqtyrularmen). Qolzhetimdi: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000178 (Qaralgan kuni: 23.09.2026).

2. Qazaqstan Respublikasy Qarzhy ministrliginin Memlekettik kirister komiteti (2025) «Qazaqstandagy zheke tulgalardyn bankrottygy: qorytyndylary men zhanalyqtary», 30 mamyr 2025. Qolzhetimdi: https://www.gov.kz/memleket/entities/kgd/press/news/details/1008603 (Qaralgan kuni: 01.05.2026).

3. Kilborn, J.J. (2023) (Not) «Following the Leader in the Newest Personal Insolvency Laws in Uzbekistan and Kazakhstan», Journal of International and Comparative Law, 10, pp. 243–266. Qolzhetimdi: https://ssrn.com/abstract=4474439 (Qaralgan kuni: 01.06.2026).

4. Qazaqstan Respublikasy (2014) «Onaltu zhane bankrottyq turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2014 zhylgy 7 nauryzdagy No. 176-V Zany (2026.12.07. berilgen ozgerister men tolyqtyrularmen). Qolzhetimdi: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176 (Qaralgan kuni: 23.09.2026).

5. Rossiiskaya Federatsiya (2002) Federalnyi zakon ot 26 oktyabrya 2002 goda No. 127-FZ «O nesostoyatelnosti (bankrotstve)» (s izmeneniyami). Ofitsialnyi internet-portal pravovoi informatsii. Qolzhetimdi: http://pravo.gov.ru/proxy/ips/?docbody=&nd=102078527 (Qaralgan kuni: 01.05.2026).

6. United States Congress (1978) Bankruptcy Code, Title 11 of the United States Code (as amended). Office of the Law Revision Counsel. Qolzhetimdi: https://uscode.house.gov/view.xhtml?path=/prelim@title11&edition=prelim (Qaralgan kuni: 01.05.2026).

7. Germany (1994) Insolvency Code (Insolvenzordnung, InsO), 5 October (as amended). Federal Ministry of Justice. Qolzhetimdi: https://www.gesetze-im-internet.de/englisch_inso/englisch_inso.html (Qaralgan kuni: 01.05.2026).

8. European Parliament and Council of the European Union (2019) Directive (EU) 2019/1023 of 20 June 2019. EUR-Lex. Qolzhetimdi: https://eur-lex.europa.eu/eli/dir/2019/1023/oj (Qaralgan kuni: 01.05.2026).

9. CABAR.asia (2024) «How Bankruptcy Law Works in Kazakhstan», 1 March. Qolzhetimdi: https://cabar.asia/en/how-bankruptcy-law-works-in-kazakhstan (Qaralgan kuni: 01.05.2026).

10. Congressional Research Service (2024) «Overview and Analysis of Bankruptcy Filings for the 12-Month Period Ending June 30, 2024», 28 October, IN12452. Qolzhetimdi: https://www.congress.gov/crs-product/IN12452 (Qaralgan kuni: 01.05.2025).

11. Closset, F., Großmann, C., Kaserer, C. and Urban, D. (2023) «Corporate restructuring and creditor power: Evidence from European insolvency law reforms», Journal of Banking & Finance, 149, article 106756. Qolzhetimdi: https://doi.org/10.1016/j.jbankfin.2022.106756 (Qaralgan kuni: 01.05.2026).

12. United States Courts (2024) «Table F-2: Bankruptcy Courts – Business and Nonbusiness Cases Filed, by Chapter of the Bankruptcy Code», 30 September. Qolzhetimdi: https://www.uscourts.gov/data-news/data-tables/2024/09/30/bankruptcy-filings/f-2 (Qaralgan kuni: 01.05.2026).

13. United States Congress (2019) Small Business Reorganization Act of 2019, H.R. 3311, 116th Congress. Qolzhetimdi: https://www.congress.gov/bill/116th-congress/house-bill/3311 (Qaralgan kuni: 01.05.2026).

14. Baker McKenzie (2022) «In Review: Insolvency Law, Policy and Procedure in Kazakhstan», Lexology. Qolzhetimdi: https://www.lexology.com/library/detail.aspx?g=3e94a0fd-1224-4734-9c1b-26e20c9a9eb4 (Qaralgan kuni: 01.05.2026).

15. Fagetan, A.M. (2025) «Corporate Insolvency Laws in Selected Jurisdictions: US, England, France, and Germany-A Comparative Perspective», Laws, 14(2), article 21.. Qolzhetimdi: https://doi.org/10.3390/laws14020021 (Qaralgan kuni: 01.05.2026).

Авторлар туралы мәлімет:

Тажибаева Ж.М. **–** докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сатпаев көшесі 2, 010008, Астана, Қазақстан

Сактаганова И.С. – хат-хабар авторы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сатпаев көшесі 2, 010008, Астана, Қазақстан

Тапакова В.Б. – PhD, Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті, Мәншүк Мәметова көш., 81, 090000, Орал, Қазақстан

Тажибаева Ж.М. **–** докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан

Сактаганова И.С. **–** автор-корреспондент, кандидат юридических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан

Тапакова В.Б. **–** PhD, старший преподаватель, Казахстанский университет инновационных и телекоммуникационных систем, ул. Маншук Маметовой, 81, 090000, Уральск, Казахстан

Tazhibaeva Zh.M. **–** Doctoral student, Kazakhstan University of Innovation and Telecommunication Systems, 81 Manshuk Mametova Str., 090000, Uralsk, Kazakhstan.

Saktaganova I.S. **–** corresponding author, Candidate of Legal Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpaev Str., 010008, Astana, Kazakhstan

Tapakova V.B. **–** PhD, Senior Lecturer, Kazakhstan University of Innovative and Telecommunication Systems, 81 Str. M. Mametova, 090000, Oral, Kazakhstan

Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).